

Егемен Қазақстан

Egemen.kz

## Күлтегін кешені: бұдан бір ғасыр бұрын

Ежелгі Өтукен, қазіргі Монғол үстірті Қанғай даласында көк түріктен қалған керемет мұра – Күлтегін жазба ескерткіші тұр. Ориаласқан жері – Арғы Қанғай (Архангай) аймағы Қашаты сұмыны, әйгілі Қарақорым қала жұртынан 47 шақырымда жатқан атақты Орхан дариясының сол қапталы Цайдам көлінің оң жақ бөктерінде.



Ежелгі қытай деректері негізінде жазылған түркі халықтарының тарихын зерттеуші әрі 1807-1821 жылдары патшалық Ресейдің Бейжіндегі діни миссиясын басқарған монах Н.Я.Бичурин 1950 жылы жарық көрген «Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена» аталатын көлемді еңбегінде: «731 жылы әскери қолбасшы Күлтегін 47 жасында қаза тапты. Ағасы Білге қаған қатты қайғырып, оның құрметіне ескерткіш орнатып, оған қашап жазу жаздырды», дейді.

Жоғарыда Бичурин айтқандай, біз сөз етіп отырған Күлтегін кешені 1909 жылы Цин империясы тарапынан қамқорлыққа алынып, айналасы қоршалып, тек ескерткіштің өзіне арнап арнайы үйшік салынған екен. Оған дәлел мына фотодеректер. Өздеріңіз көріп отырғандай, мұнда Күлтегін ескерткішіне арнап әп-әдемі үйшік салыныпты (1-сурет).

Бұл сурет 1909 жылы түсірілген тәрізді. Өйткені 1910 жылы Петербордағы «Фототипия и типография А.Ф.Дресслера» баспасынан жарық көрген «Труды Троицкосавск. - кяхт. отд. и. р. г. о. т. XV, вып. 1» атты жинаққа «На могильникъ Киль-тегина» деген тақырыппен жарияланған екен.



*Буйян де Лакост  
(1867-1937)*

Ал екінші фото «Альбом миссии Буйана де Лакоста в 1909 году в Монголии. Часть 1» атты альбомда жарияланыпты (2-сурет). Біздің пайымдауымыз бойынша екі фотоның да авторы бір адам тәрізді. Ол кісінің толық аты-жөні – Эмиль Антуан Анри де Буйян де Лакост.



Бұл тұлғаның өмір жолын шолып көрсек, 1867 жылы 14 қаңтарда Францияда туылты. 1885 жылы ғылым бакалавры дәрежесін алды, одан кейін өзінің қалауынша Сент-Сирдегі әскери училищеде оқыған. 1887 жылы лейтенант шенінде Альпі батальонында қызмет атқарған. 1891 жылы Иерусалимде, 1894 жылы Алжирде, 1895-1897 жылдары Үндістанда офицерлік барлау ісіне жегілген. 1899-1910 жылдары өз саласында қызметін Персия, Ауғанстан, Памир өлкесінде жалғастырып, ең соңында Моңголияға саяхаттап, көптеген археологиялық орынды аралап, зерттеген. Осы сапарында Күлтегін ескерткішінің екі фотосын түсірген сияқты. 1912 жылы 7 маусымда еліне оралып, Құрмет легионының офицері болып тағайындалды. 1937 жылы қайтыс болған.

Осы орайда, «ескерткіш кешеннің айналасын қоршап, үйшік орнатқан кім?» деген сауал туары анық. Ол адамның аты-жөні – Сандо. Яғни ресми құжаттарда «Сандо амбан» деген атпен белгілі.

Бұл адамның ұлты монғол болғанымен, толық қытайланған бейбақ. Азан шақырып қойған монғолша аты – Сандуйды қытайша «Сандо» деп өзгерктекен. Өзі 1876 жылы Жәжян провинциясының Ақтасты (Чулуун цааган) деген жерінде туыпты. Есейген шағында Жапонияда білім алған. 20 жасынан бастап Цинь империясына адал қызмет атқарған екен. Әуелі Ханжоудағы әскери академияның бастығы, Жәжян провинциясының сыртқы істеріне жауапты шенеунік міндеттін атқарған. 1902 жылы Бейжіндегі Ежен хан университетінде бақылаушы. 1907 жылы азаматтық әкімшілік басқарма кеңесінің кеңесшісі, 1908 жылы Көххот қаласының комендантты қызметтін атқарып, генерал шенін алған. 1909 жылы қараша айында Сыртқы Монғолияны басқарушы амбан (министр) қызметіне тағайындалып, Қүре қаласына барған. Бұл міндетті 1912 жылы Монғолия тәуелсіздік алышп, жақадан Боғда хандық билік орнағанға дейін атқарған. Кейін жапондықтардың ықпалымен 1932 жылы Манжурия жерінде құрылып, 1945 жылы жойылған Манж-го уақытша үкіметіне қызмет еткен. 1941 жылы 70 жасында бақылық болған.



*Сандо амбан  
(1876-1941)*

Осы Сандо амбан Сыртқы Монғолияны басқаруға келген сэттен бастап, апайтөс сахарадағы көне ескерткіштерді (бұғытас, балбал, көне жазбалар, т.б) тізімдеп, мемлекет қамқорлығына алуды діттеген көрінеді. Осылардың ішінде амбанның назарын айрықша аударған мұра – Көшө Цайдамда тұрған Күлтегін жазба ескерткіші.

Амбанның түркі ескерткішін қорғауға алғаны хақында дәлел көп. Соның бірі монғол жұртына танымал көсемсөзші әрі тарихшы Ц.Батбаярдың еңбектерінде: «Біздің рухани кеңістігімізде ұнамсыз кейіпкер ретінде

орын алған Сандо амбан билік құрған жылдары Көшө Цайдамдағы түрік ескерткіштерін қамқорлыққа алып, оны қоршап-қорғап, кірпішпен үй түрғызды» деп жазса (Ц.Батбаяр. «Кодама, Мицуй пуус. Қүредегі жапондар». 1911-1921 жылдар. Ұланбатыр - 1993 жылы 43-б), тағы бір еңбекте Сандо амбан атқарған жұмыстардың баянхаты тіркеліptі.

Бұл баянхатта: Құлтегін ескерткішінің биіктігі 3,33 метр, ені 1,32 метр, қалыңдығы 0,46 метр. Үш жақ қапталында барлығы 68 жол, 10 мың әріп қашалған руна жазуы бар. 1-13 жолдары кіші жазулар болса, 14-68 жолдар үлкен жазулар. Бұл жәдігер алғаш өң беті құншығысқа қаратылып бақатастың үстіне орнатылған. Кешеннің жалпы көлемі 67 метр, ені 29 метр. Алаң 1 метр қалың кірпіш қорғанмен, ал сырты ор қазылып қоршалған. Қорған ішіндегі ескерткішке 32x32x6 сантиметр кірпішпен үйшік салынғаны туралы жазылды (On relationship between Mongolia and Japan during the Japanese stay in Ulaanbaatar between 1911-1921. P- 43).

Құжаттың соңында, кешеннен қыш-құмыра, темірден жасалған түрмистық бүйімдар һәм сәндік бүйімдар табылды делінген екен. Осыған қарағанда, сол тұста ескерткішті қорғап үйшік орнатумен қатар, аз-маз қазба жұмыстарын да жүргізген тәрізді.

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ